

## Павлодар ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы Павлодар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 9 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Павлодар ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, 2023 жылғы 23 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысының негізінде Павлодар ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар ауылының 50 лет КАЗ ССР көшесін – "Ұлы Даңа" көшесі, Береговая көшесін – "Ыбырай Алтынсарин" көшесі, Вологодская көшесін – "Бөгенбай батыр" көшесі, Восточная көшесін – "Жәнібек-Керей" көшесі, Дорожная көшесін – "Рахымжан Кошқарбаев" көшесі, Железнодорожная көшесін – "Тайкелтір би" көшесі, Заводская көшесін – "Қажымұқан" көшесі, Клубная көшесін – "Күлтегін" көшесі, Қасым Қажы көшесін – "Исабек Ишан" көшесі, Мир көшесін – "Бейбітшілік" көшесі, Молодежная көшесін – "Алтын Орда" көшесі, Новоселов көшесін – Шоң би көшесі, Озерная көшесін – "Далакөл" көшесі, Огородная көшесін – "Дінмухамед Қонаев" көшесі, Октябрьская көшесін – "Тәуелсіздік" көшесі, Омский тракт көшесін – "Алаш Орда" көшесі, Пионерская көшесін – "Ер Еділ" көшесі, Песчанная көшесін – "Құмдықөл" көшесі, Садовая көшесін – "Мұқан Қаған" көшесі, Степная көшесін – "Бауыржан Момышұлы" көшесі, Строительная көшесін – "Сұлтан Бейбарыс" көшесі, Советская көшесін – "Мәңгілік Ел" көшесі, Тепличная көшесін – "Дешті Қыпшақ" көшесі, Торговая көшесін – "Қасым Қажы" көшесі, Целинная көшесін – Торайғыр би көшесі, Школьная көшесін – "Жұмабек Тәшенев" көшесі, Юбилейная көшесін – "Желтоқсан" көшесі, Южная көшесін – "Ахмет Байтұрсынұлы" көшесі, Солнечный тұйық көшесін – "Шәкәрім" тұйық көшесі, Школьный тұйық көшесі – "Лев Гумилев" тұйық көшесі, Северный тұйық көшесін – "Көктем" тұйық көшесі, Цветочный тұйық көшесін – "Қағанат" тұйық көшесі, Дружбы тұйық көшесін – "Шапағат" тұйық көшесі, Лесхозный тұйық көшесі – "Ақбеттау" тұйық көшесіне, Молодежный тұйық көшесін - "Жас тұлпар" тұйық көшесі, Новый тұйық көшесін – "Отыrap" тұйық көшесі, Комсомольский тұйық көшесін – "Сауран" тұйық көшесі, Космонавтов тұйық көшесін – "Ғабдылахит Хазірет" тұйық көшесі, Восточный тұйық көшесін – "Жасыбай батыр" тұйық көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар ауылы әкімінің м.а.*

*A.Бекмағамбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК